30 қазан 2026

Air Astana мен China Southern Airlines стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды

Алматы, Қазақстан – «Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Компания» және оның еншілес кәсіпорны FlyArystan-мен бірге «Топ»), табыс пен әуе паркі көлемі бойынша Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы ең ірі әуе компаниялар тобы мен China Southern Airlines, Қазақстан мен Қытай арасындағы әуе қатынасын нығайтуға, саяхат мүмкіндіктерін кеңейтуге және жолаушыларға ыңғайлықты арттыруға бағытталған стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды. Бұл қолданыстағы код-шерингтік ынтымақтастықты дамытудың жаңа кезеңі болатын және коммерциялық байланыстарды одан әрі тереңдетуге негіз болатын екі елдің әуе компаниялары арасындағы алғашқы стратегиялық әріптестік.

Келісім шеңберінде әуе компаниялары рейстер кестесін үйлестіреді, код-шерингтік қызметтерді кеңейтеді және бірлескен маркетингтік бастамаларды іске асырады. Өз желілері мен коммерциялық үлгілерді жақындастырудың арқасында осы әріптестік тасымалдың біркелкі жағдайларын, неғұрлым ыңғайлы түйісулерді және Қазақстан, Қытай және одан тыс жерлердегі межелі пункттерге неғұрлым кең қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, екі әуе компаниясының рейстерімен саяхаттауды жеңілдетуге бағытталған.

"Біздің елдеріміз арасындағы рейстер саны 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 52% -ға артты (21 бағыт бойынша аптасына 117 тұрақты рейс). 2026 жылдың басынан бері бір миллионнан астам жолаушы тасымалданды. Министрліктің жоспарында Қытаймен маршруттық желіні одан әрі кеңейту 30 бағытқа дейін ұлғайту көзделген", - деп атап өтті ҚР Көлік вице-министрі Талғат Ластаев.

"Қытай Air Astana үшін стратегиялық маңызды нарық, ал Қазақстан Еуропа мен Азияны байланыстыратын көлік торабы ретінде тиімді жерде орналасқан. Біздің China Southern Airlines компаниясымен стратегиялық серіктестігіміз - бұл рөлді дамытудағы және Қытайдың жетекші әуе тасымалдаушыларының бірімен коммерциялық қарым-қатынасты тереңдетудегі маңызды қадам. Біздің өзара толықтыратын маршруттық желілерімізді біріктіре отырып және коммерциялық ұсыныстың негізгі элементтерін келісе отырып, біз жолаушыларға саяхат үшін көбірек мүмкіндіктер, неғұрлым ыңғайлы түйісулер, сондай-ақ екі әуе компаниясының рейстерінде де қызмет көрсетудің біркелкі шарттары мен ережелерін ұсынуға тырысамыз. Сонымен қатар, неғұрлым тығыз ынтымақтастық бізге жолаушылар тарапынан сұранысқа тиімді ден қоюға және Қазақстан мен Қытай арасындағы әуе тасымалдың одан әрі өсуін қолдауға мүмкіндік береді", - деп атап өтті Air Astana компаниясының серіктестік және альянстар жөніндегі вице-президенті Ричард Леджер.

"Қытай мен Қазақстан "Бір белдеу - бір жол" бастамасы аясындағы маңызды серіктестер болып табылады. Бұл стратегиялық ынтымақтастық екі ел арасындағы авиациялық байланысты дамытудың маңызды нәтижесі болды және гүлденуші аймақтық нарықты қалыптастыруға деген біздің ортақ ұмтылысымызды көрсетеді. Екі әуе компаниясы үшін де бұл тараптардың әрқайсысының артықшылықтарын пайдалануға және ресурстарды бірлесіп іске қосуға мүмкіндік беретін стратегиялық таңдау. Жолаушылар үшін ыңғайлылығын арттыру неғұрлым елеулі нәтиже болады: ұшулардың таңдауы, ауысып отыру рәсімдері және неғұрлым жайлы жол жүру. Біз "Бір белдеу - бір жол" бастамасының әуе бағыттарымен саяхаттайтын әрбір жолаушы біздің ынтымақтастығымыздың оң өзгерістерін сезінеді деп үміттенеміз", - деп мәлімдеді China Southern Airlines атқарушы вице-президенті Цзэн Юнчао.

Air Astana Астана мен Алматыдан Үрімшіге, Бейжіңге, Гуанчжоу мен Шанхайға ұшады, ең қызу маусымда аптасына 36 тұрақты рейс ұсынады. China Southern Airlines Үрімші, Бейжің, Гуанчжоу және Сианьдан Алматы мен Астанаға қатынайды, ең қызу маусымда аптасына 29 тұрақты ұшуды ұсынады. Осы әуе компаниялары маршруттық желіні одан әрі жақсарту, ыңғайлы саяхаттау және жолаушылар үшін таңдауды кеңейту үшін мықты негіз жасай отырып, екі ел арасындағы әуе қатынасының кең желісін қамтамасыз етеді.

Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы іскерлік, туристік, білім беру және отбасылық сапарларды дамытуға, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арқылы екі әуе тасымалдаушының желісі бойынша басқа қалаларға баратын жолаушылар үшін транзиттік мүмкіндіктерді күшейтуге ықпал ететін болады.

Қосымша ақпарат алу үшін келесіге хабарласыңыз:

Инвесторлармен байланыстар жөніндегі қызмет:	investor.relations@airastana.com
Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі департамент:	media@airastana.com
Қаржы медиа сұрақтары бойынша:	airastana@fticonsulting.com

Air Astana тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 64 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 15 мәрте иеленді және қатарынан 10 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan төрт рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.

China Southern Airlines туралы

China Southern Airlines - штаб-пәтері Гуанчжоу қаласында орналасқан коммерциялық әуе компаниясы. 2026 жылдың ортасындағы жағдай бойынша оның паркінде 973 жолаушылар және жүк әуе кемелері бар.

Компания Қытайдың Азаматтық авиация басқармасының (CAAC) «Ұшу қауіпсіздігі үшін үш жұлдыз» сыйлығын, сондай-ақ AirlineRatings.com. жеті жұлдызды жоғары қауіпсіздік рейтингін алған алғашқы әуетасымалдаушы болды.
China Southern Airlines әуе компаниялары санатында 16 жыл қатарынан China Brand Power Index рейтингінде бірінші орын алды және тоғыз жыл қатарынан CAPSE Best Airline Award сыйлығын алды.